

*Ключевые слова:* веб-автономное обучение, переведенный класс, комбинированное обучение.

AKANBAYEV, B.N.

#### USING THE MIXED TECHNOLOGY MODEL IN DISTANCE LEARNING

*This article discusses the problems of distance learning and the possibility of applying the model of related technologies. In developing the skills of analysis, generalization and evaluation of the studied student groups, the information necessary to verify the effectiveness of this learning model was collected and analyzed. The correlation coefficient of Web-based offline learning scores and methods for calculating objective task scores are summarized.*

**Key words:** web-based autonomous learning, flipped classroom, blended learning.

ӘОЖ 801.83

**Нышанбаева, Т.Н.**

*«7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»*

*оқу бағдарламасының 2-курс магистранты,*

*Абай атындағы ҚҰПУ, Алматы, Қазақстан*

### ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТІҢ 10-СЫНЫБЫНДА АБАЙДЫҢ «СЕГІЗАЯҚ» ӨЛЕҢІН ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯСЫ

#### **Түйін**

*Сегіз аяқ – Абайдың терең психологияға құрылған күрделі өлеңдерінің бірі. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбынан 11-сыныбына дейінгі оқу бағдарламасына Абай шығармалары жүйелі түрде енгізілген. Сынып жоғарылаған сайын ақын шығармалары да күрделене түседі. Ақынның «Сегізаяқ» өлеңі жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбында берілген. Өлеңдегі «алыстан сермейтін де, жүректі тербейтін де» тіл. Соның мәнін жоғары сыныпқа ұғындыру үшін мақаламызға бірнеше әдісті енгіздік.*

**Кілт сөздер:** Абай, поэзия, пәнаралық байланыс, ойлау сатылары, грамматика, лексика, методика.

#### **1 Кіріспе**

Абай әлемі алып мұхит тәрізді. Шегі жоқ. Зерттелген сайын жұмбағы күрделене түседі. Ал оның шығармаларын оқыту, ұрпақ жадында жаңғырту – әрбір ұстаздың басты міндеттерінің бірі.

Абай шығармаларын оқытудың озық үлгілерін жасап жүрген бірегей ғалым Қ.Бітібаева. Ол Хәкім өлеңдерін мектепте оқытудың негізгі әдістемесін жасады. Автордың «Мектепте Абайды оқытудың жаңашыл технологиясы» деп аталатын 5-11-сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік құралында ғалым ақын шығармаларын оқытудағы ең басты қағидаларға тоқталады.

«Абай поэзиясын тақырып-тақырыпқа бөлшектемей алып қарасақ, ерекше үш асылды бөліп алар едік», – дейді. Олар:

1. «Алланы сүю», оның «хикметін сезіну», тәңірі үшін «махаббат қыла» сүю, «Алланы жаннан тәтті» сүю.

2. «Әділетті сүю, оны Алланың хикметі деп біл».

3. Ада адамзатты сүю. Оны жай сүю емес, хақ жолы деп сүю, яғни Алла махаббатпен жаратқан Адамды сүю», – дейді.

*«Осы үш сүю болады имани гүл,*

*Иманның асылы үш деп тахқиқ біл.*

*Ойлан дағы, үшеуін таратып бақ,*

*Басты байла, жолына малың түгіл»,* – деген өлең жолдарының өзі осыны көрсетеді.

Ақын поэзиясының алтын арқауы осы үш сүюден тұрады. Осыларды айта отырып ақынның

іздейтіні – «толық адам». Абайды оқытуды осы үш сүюді басшылыққа алған абзал», – дейді Қ. Бітібаева [1].

Табиғат-Ананың, Алланың ең сұлу сыйы, Абайша айтқанда, «Алланың махаббатпен жаратқаны» – Адам. Абай сол Адамды, оның келісті жаратылысын жырлады. Ақын адам бойындағы барлық жамандықты жеріне жеткізе ашына сынағанда да, үлкен махаббатпен сынады. Ақын өз халқын, ортасын жек көргеннен сынаған жоқ. Керісінше, адам бойынан өзі көргісі келетін үйлесімділікті таба алмағаннан сынады. Абай поэзиясы сұлу сұлу поэзия дегенде, оның халқына деген ұлы сүюі мен махаббаты екенін, ақын жүрегі, сезімнің пәктігі мен таза да мөлдірі екендігін жас ұрпақ түсінуі керек. Әлемдік Абайды таныту үшін алдымен, ұлттық Абайды танытуды ойластырған жөн. Ақын поэзиясының қайнар көзі – өз халқының даналығы, ақыл-ойы, сөз өнері. Ізгілік те, имандылық та, көркем поэтика да басқадан емес, ең алдымен, халқының даналығы, халқының тағылымы, халқының асыл сөз өнерінен келгенін жас өркендерге жеткізу – басты борыш.

Ақын жырларын, жалпы поэзияны оқытудың өзіндік ерекшелігі, күрделілігі бар екені түсінікті. Оның басты себебі, әр ұстаз, әр шәкірттің өз Абайы бар», – дейді ғалым [1].

Шынында да әр баланың өз Абайы бар. Бірақ мәселе мынада: «Шәкірт таныған Абай қандай?». Әрбір ұстаздың міндеті Абай шығармаларын оқыту ғана емес, сонымен қатар ақын шығармаларына терең түсінік беру. Шәкірт оны өз өмір жолында адастырмас шамшырақ ете ала ма? Басты мәселе міне осы.

Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбынан 11-сыныбына дейінгі оқу бағдарламасына Абай шығармалары жүйелі түрде енгізілген. Сынып жоғарылаған сайын ақын шығармалары да күрделене түседі. Ақынның «Сегізаяқ» өлеңі жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбында берілген. «Сегізаяқ» – психологиясы өте күрделі өлең. Бұл хақында ғалым Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің пікіріне көз жүгіртсек: «Сегіз аяқ» – ұлы ақынның жазушылық еңбегінің орта тұсында туған үлкен бір белдей әрі мол, әрі бар жағынан көркем келісті шыққан, зор шығарманың бірі. Абайдың кейінгі жырларынан осы «Сегіз аяқтан» басталған көп мұңды көреміз» [2].

«Қазақ әдебиеті» газетінің кезекті санында зерттеуші, ғалым Асан Омаровтың «Атақты «Сегіз аяқ»-тың беймәлім сырлары» деп аталатын мақаласы жарияланды. Аталмыш мақалада өлең арқылы ақынның айтпақ ойын зерделеуге тырысады.

««Сегіз аяқ» – Абайдың халық мұңын шегудегі нағыз халық ақыны боп толықтай қалыптасқанының куәсі. Жырдың алғашқы бөлігі ойшылдық толғау болуы да осының дәлелі. Абай – халық ақыны, бұған дейін ешкім таппаған шебер түрмен жазылған «Сегіз аяқ»-тың өткір асөздері сол кездің өзінде ешкімді бейжай қалдырмаған. Жас ақын Шәкәрім осы жырдың ұйқасына айнытпай салып, өзінің «Жастық пен кәрілік» деген жырын жазған (бұл шығарма 1879 жылғы деп білетіндер қатты қателеседі). Жастық арыны басылмаған Шәкәрімнің қылығына, ермек үшін жазған жырына Абай қатты қапа болып, осы 1889 жылы «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деген жауап өлеңін жазғаны белгілі [3].

«Әдебиеттанудың өзі әдебиет айданына сүңгу, тереңіне үңілу, қабылдау және сол танылғанды баяндау. Ал көркем әдебиет немесе көркем шығарманың бүтін жүйесіндегі немесе сол бүтіннің бір бөлшегіндегі жасырын мәнді түсінудің жөні бөлек. Мұнда бүтіндік ұғымының мәні төрт құбыласы түгел кемелдікпен байланысты анықталады. Айтылған жайлардан «Сегіз аяқтың» әдебиеттану ғылымында бағалануының қазіргі деңгейінде әлі де қарастырылмаған, қарастырылса да анықтала қоймаған бірқатар мәселелер бары белгілі. Ақын шығармасы мәтінінің микро- және макроқұрылымдық бірліктері, олардың мәні, өзара байланысу жолдары, тұтастығы, даралығы осындай мәселелердің қатарына жатады. Осы тұрғыдан қарағанда, «Сегіз аяқтың» бар аяғы емес, бір аяғының мәнін табудың өзі тереңге бойлаудың қиынға соғу ықтимал. Ондағы әр тармақ өлеңнің тереңдегі мәніне мегзейтін әрі сол мәннің мәнісін ашатын тірек қызметін атқарады», – дейді ғалым Ж. Дәдебаев [4]. Мұны мектеп оқушысына түсіндіру, шәкіртке өлең табиғатын ашу үшін қарапайым әдістер жүзеге асуы екі талай.

«Алыстан сермеп,  
Жүректі тербеп,  
Шымырлап бойға жайылған;  
Қиуадан шауып,  
Қисынын тауып,  
Тағына жетіп қайырған –  
Толғауы тоқсан қызыл тіл,  
Сөйлеймін десең өзің біл.» [5].

Өлең табиғатына оқушыны енгізу үшін алдымен «Сұраққа жетіп ал» әдісін пайдаланған тиімді. (А.Ж.Егізбаев бойынша). Аталмыш әдістің мақсаты: оқырманның өз бетінше жұмыс жасау әрекетін қалыптастыра алу, сұрақ қою дағдыларын ұғындыру. (Бейсенова) «Сегіз аяқ» өлеңінің бастапқы бөлігін оқығанда кез-келген оқушыға оны түсіну оңайға түспес. Бұл әдісте оқушы өз бетінше түсінуге талпынады. Қолданылуы мынадай: өз бетінше ойлап, ақпаратты меңгереді. Ақпаратпен ықыласпен жұмыс жасайды. Мәтінге сұрақ қояды, өз бетінше пайымдайды. Сыныптастарының жауаптарын қабылдайды және қосымша сұрақтар қоя алады. Бұл әрекеттің нәтижесінде қарым-қатынас дамиды. Оқушылар оқығандары бойынша және өлеңнің түпкі мәніне жақындау мақсатында бір-біріне сұрақ қояды, оны талқылайды. Мәтінді толыққанды оқыту яки бір бөлігін ғана оқыту (мәтіннің күрделілігіне, көлемділігіне, оқушылардың қабылдау ерекшелігіне қарай) оқылған мәтіннің мазмұнына әр деңгейлі сұрақтар қою. 1-ші топ – сұрақ қояды, 2-ші топ сол сұраққа жауап береді [6].

Өлеңді бөліктерге бөліп оқытудағы негізгі мақсат өлең табиғатын оқушының толық түсінуіне мүмкіндік жасау.

Ж. Дәдебаев өзінің «Абайдың «Сегіз аяғы»: мән мен мағына поэтикасы» деп аталатын мақаласында мынадай тұжырым айтады:

««Сегіз аяқтың» мағыналық-құрылымдық жүйесіндегі жалқы және жалпы, нақты және образды құбылыстар мен ұғымдардың арақатынасын, олардың өзара байланыстарын пайымдау ақын шығармаларының мағыналық болмысын тануға бастайды. Ақын шығармасының мағыналық болмысын тану оны құрамдас бөліктерге ажыратып, даралауды, сөйтіп әр бөліктің мағынасын, мазмұнын, мәнін анықтауды талап етеді. Алайда олардың өзара байланыстарының, өзара қатынастарының сырын ашпайынша, тұтас шығарманың мәнісін табу қиын. «Сегізаяқтағы» сөз тіркестерінің, тармақтардың нақты және жасырын мағынасын тану өлеңнің поэтикалық мағынасын танудың психолингвистикалық, психопоэтикалық мәселелерімен тығыз байланысты екенін айтады. Ал сөз, сөз тіркесі, тармақ деңгейінде жасалған образ бен образдылықтың мағынасын тану өте күрделі, оны нақты анықтау аса күрделі мәселе. Олардың бірқатарын тілдің бейнелеу құралдарының секілді қабылдап, троп түрлеріндей қарастыру мүмкін емес. Себебі олар белгілі бір құбылыстың нақты мағынасын білдірмейді, күрделі образды, образды бейнені білдіреді. Оның құрамдас бөліктерінің аясындағы жалпы мен жалқы, деректі мен дерексіз, тура және бұрма мағыналық қатарлардың өзара қатынасы, жанасуы мен қиысуы, қабысуы мен матасуы, ақырында көркемдік заңдылықтарына сай жинақталуы нәтижесінде пайда болған образды ұғым сыры оны қабылдау деңгейінде, яғни қабылдаушының санасында ғана біршама байқалуы мүмкін. Алайда оны қабылдаушының яки оқырманның санасындағы бейнелі ұғым ретінде тілдік құралдармен түсіндіру бағытындағы ізденістер нәтижесі әрдайым ойдағыдай бола бермейді. Демек белгілі құбылыстың мағынасынан тілдік құралдар арқылы дәл жеткізуге болмайтын мән тудыру жолындағы автордың ойлау қызметінің сатыларын, кезеңдері мен тетіктерін сараптауға тура келеді», – дейді ғалым өз мақаласында [4].

«Сегіз аяқты» оқытуда пәнаралық байланыстың маңызы зор. Әдеби шығарманы оқушы түсіну үшін, түсініп қана қоймай автордың түпкі айтпақ ойын оқу үшін қазақ тілімен байланыстыру керек-ақ. Жоғарыда ғалым Ж. Дәдебаев келтіргендей мағыналық қатарлардың өзара қатынасы (матасуы, жанасуы, қабысуы) қабылдаушының санасына бейнелі ұғым қалыптастыруға қызмет ете алады.

**Өткірдің жүзі,  
Кестенің бізі**

Өрнегін сендей сала алмас.

Білгенге маржан,

Білмеске арзан,

Надандар бәһра ала алмас.

Қиналма бекер, тіл мен жақ,

**Көңілсіз құлақ** – ойға олақ [5].

*Мысалы: Өткірдің жүзі – матасу, кестенің бізі – матасу, көңілсіз құлақ – қабысу, т.б.*

**2 Материалдар мен әдістер**

Бұл мақаланы жазу барысында ең алдымен жалпы теориялық әдіс қолданылды. Сонымен қатар, «сұраққа жетіп ал», «фишбоун», «үштік» әдістері қолданылды. Ақынның аталмыш өлеңін оқытудың ең тиімді деп танылған әдістері көрсетіліп, оларды қолдану тәсілдері ұсынылды. Мысалы, «сұраққа жетіп ал» әдісі мен пәнаралық баланыстан күтілетін нәтиже мол. Аталған әдістің мақсаты: оқырманның өз бетінше жұмыс жасау әрекетін қалыптастыра алу, сұрақ қою дағдыларын ұғындыру. (Бейсенова) «Сегіз аяқ» өлеңінің бастапқы бөлігін оқығанда кез-келген оқушыға оны түсіну оңайға түспес. Бұл әдісте оқушы өз бетінше түсінуге талпынады. Қолданылуы мынадай: өз бетінше ойлап, ақпаратты меңгере. Ақпаратпен ықыласпен жұмыс жасайды. Мәтінге, әңгімеге сұрақ қояды, тұжырымдайды. Сыныптастарының жауаптарын ықылас қойып тындайды және сұрақтар қояды. Таным әрекеті үрдісінде қарым-қатынас шеберлігі дамиды. Оқушылар оқығандары бойынша бір-біріне сұрақ қояды және талқылайды. Мәтінді толық немесе бір бөлігін оқыту (мәтіннің күрделілігіне, оқушылардың даму ерекшелігіне қарай) оқылған мәтіннің мазмұнына әр деңгейлі сұрақтар қою. 1-ші топ – сұрақ қояды, 2-ші топ сол сұраққа жауап береді [6]. «Сегіз аяқты» оқытуда пәнаралық байланыстың маңызы зор. Әдеби шығарманы оқушы түсіну үшін, түсініп қана қоймай автордың түпкі айтпақ ойын оқу үшін қазақ тілімен байланыстыру қажет. Ол үшін сөздің байланысу түрлері (қабысу, жанасу, матасу т.б.) қолданылды.

**3, 4 Нәтижелер мен талқылау**

Ұлы Абай өзінің «Сегіз аяқ» өлеңінде өмір құбылыстарын қапысыз танып, терең ашып көрсетіп қана қоймай, оған өз бағасын да әділ айтады. Өмірдің шындық құбылыстарын тану, қабылдау, білу, ұғу және пайымдау арасындағы сабақтастықтар алуан. Көрген жайды білу, білген жайды ұғу, түсінгенді пайымдау – шығармашылық еңбек процесінің өзара тығыз сатылары. Ал пайымдау мен бағалау арасындағы сабақтастық шығармашылық ойлаудың нәтижелілігін қамтамасыз ететінін айтады. Пайымдау мен бағалау да, олардың арасындағы сабақтастық та көрегендік пен білімпаздыққа, тәжірибеге, шығармашылық құзіреттілікке тәуелді екені анық. Абайдың шығармашылық еңбегінің жүйесінде өмірлік тәжірибенің, таным көкжиегінің кеңдігі, көрегендіктің орны айрықша. Көргені мен білгенінің мәнін ұғуда да, оны белгілі бір дүниетаным тұрғысынан талдау мен пайымдау және бағалаудың, көркемдік жинақтаудың да орны ерекше. Абай жырларының көркемдік ойлауының осы сатыларының бәрі де келісті. Қабылдау, талдау, пайымдау және бағалау, жинақтау мен даралау өзара байланысты және белгілі бір дүниетаным жүйесінде ғана олардың көркемдік қызметіне, мәні мен мағынасына үңілуге болады. Осынау тереңдіктегі ақындық танымнан туған көркемдік құбылысты ғылыми тұрғыда пайымдау мен бағалау, оны өз деңгейінде түсіндіре алу ол туралы жалпы ой айтудан әлдеқайда жоғары [4].

Тыңдаушыларына, оқушыларына ұсынып отырған мағынаның ашық, анық және жақырын бөліктерінің арасалмағын ақынның өзі мөлшерлейтінде сөз жоқ. Бұл жерде тыңдаушылардың, оқушылардың қабылдау, түсіну деңгейлері ескерілетінін есте ұстаған дұрыс. Екінші жағынан, ақынның сөздерінің, ойларының мағынасы мен мәні оның өз тұсындағы тыңдаушыларына мейлінше түсінікті болуы ғажап емес. Сонымен бірге Абайдың сөзі де, ойы да терең мағыналы. Оны әр тыңдаушы, әр оқушы өзінше ғана қабылдап, өзінше ғана түсінеді. Тіпті бір тыңдаушының немесе бір оқушының өзі оны өмірінің түрлі жағдайында, түрлі кезінде түрліше түсінуі мүмкін. Осы ретте ақын айтып отырған сөздің де, бейнелеп отырған

суреттің де мағынасы мен мәні қабылдаушының санасында сан құбылып, бір мағынадан екінші мағына, бір мәннен басқа бір мән туындап тарала беретініне көз жеткізуге болады.

Тыңдаушы немесе оқушы белгілі бір тілдік бірлік атын білдіретін белгілі бір нәрсенің, құбылыстың мағынасын оның сыртқы, нақты негізімен байланыстыратыны анық. Түсінік осылай қалыптасады. Мұның маңызы зор. Бірақ осы түсінікпен шектеліп қалған жағдайда құбылыстың ішкі шынайы мәні ашылмаған күйі қала бермек. «Алыстан» сөзінің өлең тармағындағы, өлең мәтінінің белгілі бір бірлігіндегі нақты мағынасының негізінде ондағы поэтикалық мәнді тап басып, нақты көрсету мүмкін емес. «Сермеу» туралы да осыны айтуға болады. Ғалым Ж. Дәдебаев «Сермеу» сөзі жайлы мынадай пайым айтады.

«Сегіз аяқтағы» «сермеу» сөзіне қатысты оқырманның ойында іс-қимылдың бірнеше сұлбасы елес береді: «қол сермеу», «құлаш сермеу», «аяқ сермеу», «семсер сермеу», «сойыл сермеу», «қанат сермеу», т.б. Осы елесте белгілі бір мағына бар сияқты болып көрінеді. Бірақ осы мағынаны анық түсіну мүмкін емес. Өйткені одан сөздің лексикалық, грамматикалық мағынасынан басқа белгілі бір нақты, бағыты анық, бағдары айқын мағына табылмайды. Бір-бірімен жөн-жосықсыз араласып, бағдарсыз ағып жатқан елестер ғана бар. Хаос.

«Сегіз аяқтағы» «сермеудің» де, «алыстан сермеудің» де иесі – тіл, кәдімгі сөйлейтін қызыл тіл. Тіл «сермейді», тіпті «алыстан сермейді» дегенді нақты шындық құбылыстар аясында түсіну де, түсіндіру де қиын. Оның үстіне тілдің нені «сермейтінін» анықтаудың мүмкіншілігі де жоққа тән. Сөз де, ой да мінсіз. Солай дегенмен де айтылмай, ашылмай қалған әлде бірдеңе бар сияқты сезіледі. Оның өзі де сөздің мағынасынан емес, ақынның сол мағынаға өзінің тарапынан берген субъективтік мәнінен туындайтын секілді. Сондақтан ақынның осы сөзіне қандай мағына бергенін, одан қандай мән тапқанын білу қиынға түседі. Біз іздеп отырған, білгіміз, түсінгіміз келіп отырған мән мен мағынаға қатысты ештеңе айтылмағандай. Ақынның тілі «алыстан сермеп, жүректен тербеп» тұрғанына қарамастан осы ретте тіпті «үнсіз». Сөздің мәні осы «үнсіздікте» тұрғандай болатыны да рас [4]. Расында, ақынның сөзінің мәні сөз арқылы белгілі болатын заттың, оның сынының, қимылының сипатында емес, сөздің пәні мен нысанында да емес. Ақын сөзінің мәні субъективті, ол ақынның ақыл-ой әлемінде, Бердяев айтқандай, «рухта» [7]. Ал мұның негізі әл-Фарабидің: «Ақыл-парасат күшінде алынатын ақылмен пайымдалушы мәндердің бейнелері материядағы формалардан бәрінен де алыс жатады: ...олардың ақыл-парасат күшіндегі болмысының материядағы форманың болмысымен ұқсастығы өте аз болады» [8], – деген қағидасына келіп саяды. Екінші ұстаз көрсетіп отырған «ақылмен пайымдалушы мәндердің бейнелері» қатарында халықтың дәстүрлі дүниетанымы, мәдениеті категориялары үлгілерінің «бейнелері» де бар [4]. Жоғары сынып оқушыларына «Сегіз аяқты» оқытудағы ең басты міндет те осы. Өлеңнің мәнін ұғындыру, ақынның айтпағын өлеңі арқылы түсіндіру. «Сегіз аяқ» ақын шығармаларының ішіндегі ең күрделісі хәм құпияға толы өлеңі.

### **5 Қорытынды**

10-сынып оқушысына аталмыш өлеңді ұғындырудың бірнеше әдісін жоғарыда келтірдік. Бірақ басты мәселе оқушының бұған дейін Абайды қалай танығаны. Абайдың мектепте оқытылатын «Әсемпаз болма әрнеге», «Ғылым таппай мақтанба» секілді төменгі сыныптарда оқытылатын өлеңдерін күрделендіре оқыту. Қазіргі ақын шығармаларын оқытудағы әдістеме жаттаудан ары аса алмай тұр. Төменгі сыныптың өзінде оқушыға өлең сырын ұғудың сырын түсіндірсе, оқушы аталған өлеңдерді тек жаттап қана шектелмей, өлең тақырыбын, идеясын, табиғатын түсінуді үйренсе жоғары сыныпта «Сегіз аяқты» түсіну біршама жеңілдер еді. Оқушылардың гуманитарлық пәндерге деген қызығушылығы артар еді. Бейсенова құрастырған әдістер жиынтығында тереңнен түсіндіруге бағытталған «Сұраққа жетіп ал», «Фишбоун», «Үштік» секілді әдістер берілген. Сабәк барысында аталған әдістер оқушының әдеби шығарманы жіті түсінуіне айтарлықтар әсер етеді.

### **Әдебиеттер тізімі**

1 Бітібаева Қ. О. Мектепте Абайды танытудың жаңашыл технологиясы. 5-11 – сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал. – Алматы.: «Дәуір – Кітап» баспасы, 2012. – Б. 4-5.

2 Абай Құнанбайұлы. Монография. – Алматы, 1995. – Б. 135.

- 3 Омаров А. Атақты «Сегіз аяқ»-тың беймәлім сырлары // Қазақ әдебиеті. – 2018. – №5 – Б. 5.  
4 Дәдебаев Ж. Абайдың «Сегіз аяғы»: мән мен мағына поэтикасы. // Абай институты – 09.08.2013. – Б. 11-17.  
5 Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т. 1: Өлеңдер мен аудармалар. – 2005. – Б. 87-88.  
6 Сабақтарда қолданатын «50 әдіс-тәсіл» түрлері / Жасақтаған: Бейсенова М.Б. «Мұрын жырау Сеңгірбекұлы атындағы маңғыстау гуманитарлық колледжі» МКҚК. – 2015. – Б. 5.  
7 Бердяев Н. Смысл творчества [Электронный ресурс] – Режим доступа: <http://www.publi-cant.ru>  
8 Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы, 1997. – Б. 61.

*Материал редакцияға түсті: 05.09.2020*

**НЫШАНБАЕВА, Т.Н.**

#### **НОВАЯ ТЕХНОЛОГИЯ ОБУЧЕНИЯ СТИХОТВОРЕНИЮ АБАЯ «СЕГІЗ АЯҚ» В 10 КЛАССЕ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЫ**

*Сегіз аяқ – одно из самых сложных стихотворений Абая по глубокой психологии. Произведения Абая систематически входят в учебную программу 5-11 классов общеобразовательной школы. По мере того, как класс растет, растут и произведения поэта. Стихотворение поэта «Сегіз аяқ» было прочитано в 10 классе общеобразовательной школы. Язык стихотворения «ни отдаленный, ни душераздирающий». Чтобы объяснить это высшему классу, мы включили в нашу статью несколько методов.*

**Ключевые слова:** *Абай, поэзия, междисциплинарное общение, значение, грамматика, словарный запас, методология.*

**NYSHANBAYEVA, T.N.**

#### **NEW TECHNOLOGY OF TEACHING ABAI'S POEM «SEGIZ AYAK» IN THE 10th GRADE OF A SECONDARY SCHOOL**

*Segyz ayak – one of the most difficult poems of Abai in deep psychology. Abai's works are systematically included in the curriculum of grades 5-11 of a comprehensive school.. As the class grows, so do the poet's works. The poet's poem «Segiz ayak» was read in the 10th grade of a comprehensive school. The language of the poem is «neither distant nor heartbreaking». To explain this to the upper class, we have included several methods in our article.*

**Key words:** *Abai, poetry, interdisciplinary communication, assessment, meaning, grammar, vocabulary, methodology.*

### **УДК 373.1**

**Танат, Д.Т.**

*учитель географии, ГУ ШОД «ОЗАТ»  
акимата Костанайской области*

**Баубекова, Г.К.**

*магистр педагогического образования  
старший преподаватель  
кафедры экологии и географии  
КРУ имени А. Байтурсынова,  
Костанай, Казахстан*

#### **РАЗВИТИЯ IT- НАВЫКОВ У УЧАЩИХСЯ ИСПОЛЬЗУЯ ЗАДАНИЯ С ЭЛЕМЕНТАМИ STEAM**

##### **Аннотация**

*В статье представлена модель развития IT- навыков у учащихся на уроках географии. В модели обозначены педагогические условия, педагогические принципы, результаты внедрения заданий с элементами STEAM по географии 9 класса.*